

Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарының фосфор саласы ішіндегі кәсіпорындарында соттан тыс тәртіппен оңалту рәсімдерін жүргізу мәселелері<*>

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 23 мамырдағы N 864

Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарының фосфор саласы ішіндегі кәсіпорындарының төлем қабілеттігін қалпына келтіру мақсатында және "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қаңтардағы N 67 Заңының 105-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді: <*>

1. Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарының "Фосфор" акционерлік қоғамында фосфор саласы ішіндегі кәсіпорындарында (бұдан әрі кәсіпорын) соттан тыс тәртіппен оңалту рәсімдері жүзеге асырылсын. <*>

ЕСКЕРТУ. Атауы, кіріспесі және 1-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің
1997.09.22. N 1369 қаулысымен. P971369_

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаменті Мемлекеттік комиссиямен келісім бойынша белгіленген тәртіпті сақтай отырып, кәсіпорындарды оңалту жоспарын бекітсін, мүлік пен істерді басқару функциясын оңалтушы басқаруға берсін, осы мәселе жөнінде құрылған комиссиялармен жұмысты үйлестіре отырып, кәсіпорындардың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру бойынша қажетті шараларды қабылдасын;

3. "Жамбыл облысының фосфор саласы ішіндегі кәсіпорындарды дағдарыстан шығару жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 13 ақпандағы N 195 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулының 3-тармағының 2-абзацындағы және оның 1-қосымшасындағы " қайта ұйымдастырылған" деген сөздер "оңалтылған" деген сөздермен ауыстырылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі